



Медицинағылымдарының докторы,  
оториноларингология кафедрасының профессоры А.С.Күлімбетовтің  
«Балалардағы жұтқыншақ аурулары» атты оқулығына  
ПІКІР

Балалардың қауіпсіздігі, әрі деңсаулығы қамтамасыз етілген болашағы үшін олардың амандығы, қорғалуы және дамуы бойынша көрініс тапқан бұл оқулық Мемлекеттік тілде мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай типтік оку бағдарламасына негізделіп жазылған. Көп деңгейлі кәсіби білім беру құрылымын ескеріп, жоғары медициналық білім беру оку орындарының студенттері мен дипломнан кейінгі білім алушы дәрігерлер мен жалпы профилді, әсіресе бала дәрігерлеріне арналып жазылған.

Оториноларингология – негізінен хирургиялық пән болып саналады, сондықтан да оқулықта осы мамандықты менгеруге негіз болып саналатын жұтқыншақтың клиникалық анатомиясымен катар, олардың аурулары және асқынулары туралы жазылған. Қазіргі кезеңдегі жаңа хирургиялық емдеу әдістері, фармакологиялық дәрі-дәрмектер, заманға сай технологияларды қолдану қарастырылған, сонымен катар, антибиотикотерапия туралы ұсыныстар берілген.

«Балалардағы жұтқыншақ аурулары» атты оқулықта балаларда жи кездесетін жұтқыншақ ауруларының алдын алу, диагностикасы, емдеу, соның ішінде хирургиялық емдеу мәселелері, олардың асқынулары кең көлемде қамтылған.

Оқулықта әр бөлімде мәліметтер ретімен беріліп, ал жазылу мәнерінде жалпылама терминдердің қолданылуы, мазмұнын қабылдауды жеңілдететіні айқын байкалады.

Оқулық бүгінгі таңдағы бірден-бір озекті мәселеге арналған, сол себептен оны жоғарғы оку орындарының студенттеріне, дәрігер-оториноларингологтар мен жалпы тәжірибелік дәрігерлердің қолдануларына ұсынуға болады. Сондықтан жоғарыда айтылғандар негізінде, А.С.Күлімбетовтің «Балалардағы жұтқыншақ аурулары» атты оқулығын базнага ұсынуға болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

Медицинағылымдарының докторы,  
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық  
медицина университетінің балалар  
стоматология кафедрасының профессоры



Ермұханова Г.Т.